

Келісілді:

«Қазақ топап ақпарт орталығы»  
Мекемесінің Мұдірі

Гусев П.



Бекітілді:

«10» тамыз 2015 ж.

IT-компанияларының Қазақстандық

Қауымдастырының

№ 100 бұйрығымен

Исин Н.



## Тіркеушілерді аккредиттеу туралы Ереже.

(2015.09.10. берілген өзгерістермен)

### 1. Жалпы ережелері.

1.1 Өкімшілігін IT-компанияларының Қазақстандық Қауымдастыры (одан әрі – «Әкімшілік») жүзеге асыратын, жоғары деңгейлі домендердегі домендік атаулардың тіркеушілері ретіндегі занды тұлғаларды аккредиттеу туралы осы Ереже (одан әрі – «Ереже»), домендік атаулардың тіркеушілері ретінде аккредиттеуден өтуге үміттенетін ұйымдардың (одан әрі – «Өтініш беруші») аккредиттеуге ұсынған өтініштерінің өткізу және қарастыру тәртібін орнатады.

1.2 Аккредиттеу дегеніміз тексеруді жүзеге асыруды және әкімшілігін Әкімшілік жүзеге асыратын, жоғары деңгейлі домендердегі екінші деңгейлі домендік атауларды тіркеу қызыметін көрсету саласындағы Өтініш берушінің құзыреттілігін Әкімшіліктің мойындауын білдіреді.

1.3 Өтініш беруші аккредиттеуге өтінішті .kz жоғары деңгейлі доменінің және .қаз жоғары деңгейлі доменінің тіркеушісі ретінде де тапсыра алады.

1.4 Аккредиттеудің мақсаттары:

1.4.1 Интернет желісінің қазақстандық сегментінің тұрақтылығын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, домендік атауларды тіркеу жүйесін дамыту;

1.4.2 Тұтынушылардың домендік атауларды тіркеуге байланысты іс-шараларға деген сенімін қамтамасыз ету;

1.4.3 Тұтынушылардың домендік атауларды тіркеу қызыметін тен дәрежеде қабылдауын қамтамасыз ету;

1.4.4 Домендік атауларды тіркеуге байланысты қызыметтің сапасын арттыру.

### 2. Аккредиттелген ұйымға (Тіркеушіге) қойылатын талаптар:

2.1 Тіркеуші міндетті:

– Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасына сәйкес тіркелген занды тұлға болуға;

– домендік есімдерді тіркеу мен қадағалау, хостинг қызыметтерін көрсету, Интернет желісіне рұқсатнама беру және т.б. бойынша жеткілікті жұмыс тәжірибесінің болуы;

– біліктілігі бар мамандарды игеруге (біліктілік деңгейі көрсетілген мамандар тізімі ұсынылады);

– атақ-абыройы бар кемінде екі DNS серверін игеруге (домендік атаулардың хостинг қызыметін кемінде екі жыл қатарынан ұсыну);

- тіркелу келісімі, қызыметі, үрдісі көрсетілген және мейілінше тұтынушыларға on-line режимінде қызымет көрсетудің барынша автоматтандырылған жүйесі бар жекеменшік веб-парагын игеруге.

2.2 Тіркеуіш өзінің тіркеушілік қызыметіне байланысты тұтынушыға толық және сенімді ақпаратты ұсынуға, сонымен қатар өзінің сайтында жариялад және уақтылы өндеп отыруға міндетті:

- 1) Тіркеушінің байланыс аппараттары:

- толық және қыскартылған атаву;
  - кеңсөнің (занды және нақты мекен-жайы) орналасқан жері және жолдың сұлбасы/нұсқаулығы;
  - пошталық хат-хабар жонелту үшін толық пошталық мекен-жай;
  - Тіркеуши кеңсесінің жұмыс уақытын, келушілерді қабылдау кайда өтетінін, және егер де кіре-беріс бос болмаса кеңсеге өтудің ерекше тәртібін көрсетіңіз;
  - тұтынушылардың түрлі (ұйымдастырушылық, қаржылық, техникалық және т.б.) сұраптары бойынша хабарласа алатын байланыс телефондары мен телефондар мен телекоммуникацияның мекен-жайы;

- тұтынушыларды қашықтан қолдау қызыметінің жұмыс уақыты

- 2) тұтынушыларға арналған келесі рәсімдерді сипаттаңыз.

- тіркеу қызыметін ұсыну тур

- домендік атауларды тіркеу;

- домендік атауларды тіркеу мерзімін ұзарту;

- босап қалған домендік атауларды тіркеу (қызымет көрсеткен)

- домендік атауларды делегирлеуи, DNS серверлерінің өзгеруі;
  - домендік атаудың әкімшілігі туралы акпараттың (байланыс және сәйкестендіру мәдінietтері) өзгеруі.

- = дөмөндік атаудың әкімшілігінде

- домендік атаудың экімшілігі күкірьбын тапсыру;

- доменлік атау туралы ақпаратты колдауды басқа тіркеушиге тапсыру;

- доменнін тіркелуін жою:

- домендік атаулар туралы даударды шешү.

- 3) Тіркеуішінің қызыметін регламенттейтін Әкімшілдік Ереже;

- Күжаттарына сілтеме;

- 4) қызымет көрсетудің бағасы мен өзге де ма-

- 2.3 Тіркеуші домендік атауларды тіркеуге байланысты жаңа

туралы толық акпаратты операция өткен сәттен бастап 3 (уш) жыл қолемінде сактауга міндettі.

## 2.4 Тіркеуши қамтамасыз етуге міндетті:

2.4.1 Домендік атауга және (немесе) әкімшілікке қатысты құжаттарды электрондық және қағаз жүзінде, акпарттарды іздеу және таңдау мүмкіндігімен және сол акпарттардың өзгеруінің толық тарихымен бірге сактауға.

2.4.2 Төтеше жағдайларда (өрт, су тасқыны және т.б.) ақпараттың жеке тасымалдаушыда сақталуын қамтамасыз етуге жағдай жасауга

2.5 Тіркеуши домендік атауларды тіркеу және қолдау қызыметі үшін бага демпигін болдырмай, адал бәсекелестік қағидастың устануға тиіс.

2.6 Тіркеуші құрал-жабдықтардың, сонымен катар энергиямен жабдықтау жүйесінің және байланыстың ақауы кезінде бағдарламалық құрылғылар кешені қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге міндettі; жүйенің кез-келген ақауы кезінде мәліметтерді ақау шыққын сәттен бастап бір тәуліктен артық емес уақытта, толығымен қалпына келтіру мүмкіндігі бар сақтық көшірме қуралын игеруге міндettі.

2.7 Тіркеуші бағдарламалық құрылғылар кешенін үшінші тұлғаның рұқсатсыз қол жеткізуге және жүйенің қалыпты жұмыс жасауына кедергі келтіруге бағытталған әрекеттерінен қорғайтын құралдарды игеруге міндetti.

2.8 Тіркеуші өзінің қызыметі барысында, белгіленген тәртіппен бекітілген Интернет желісінің қазақстандық сегментіндегі домендік кеңістігін тарату Ережелерін және басқа да нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

### 3. Аккредиттеуді жүргізу тәртібі

3.1 Өтініш беруші жоғары деңгейлі домендердің Әкімшілігіне Тіркеуші (1, 2 Қосымша) ретінде аккредиттеуден өтуге Өтініш (өтініш, сауалнама, келісім) тапсырады (<http://itk.kz/node/714>, <http://nic.kz/srs/accreditation.jsp>).

3.2 Аккредиттеуге өтініш тапсыру барысында «Қызыметтік қабілеттер» тармағын барынша толық және анық толтыру керек. Өтінішпен бірге келесі құжаттар откізіледі:

- Занды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы Куәліктің көшірмесі;
- ҚР салық төлеушісі Куәлігінің көшірмесі;
- ҚҚС бойынша тіркеу есебіне кою туралы Куәліктің көшірмесі ;
- айналмалы капитал куәлігінің көшірмесі немесе қаржылық есепшоттың соңғы кезеңінің көшірмесі;
- ағымдағы сактандыру полисінің көшірмесі (болған жағдайда).

Көрсетілген барлық құжаттарды жоғары деңгейлі домендері Әкімшілігінің мекенжайына пошта арқылы және №2 Қосымшада көрсетілген Өтініш берушінің акпараттық жүйесінің техникалық дайындығын және домендік атауларды тіркеу қызыметін атқаратын мамандардың біліктілігін растайтын құжаттарды қоса, электрондық көшірмесін жіберу керек. Өтініш тапсыру барысында Өтініш беруші арнайы тәртіппен таныс болуы тиіс. (<http://nic.kz/srs/consensus.jsp>)

3.3 Әкімшілік Өтініш берушінің өтінішін 30 күнтізбелік күн аралығында қарастырады.

3.4 Әкімшілік ұсынылған құжаттар бойынша қосымша акпараттарды сұратуға құқылы, ал Өтініш беруші оларды Әкімшілік белгілеген мерзімге дейін ұсынуға міндetti. Бұл жағдайда қарастыру мерзімі қосымша акпараттарды өткізу мерзіміне дейін созылады.

3.5 Аккредиттеуге ұсынған барлық құжаттарды қарастырып болғаннан кейін, жоғары деңгейлі домендерінің Әкімшілігі Тіркеу бөліміне Өтініш берушінің акпараттық жүйесінің техникалық дайындығы мен қызыметкерлерінің Тіркеуші ретіндегі жұмысқа дайындығының тексерілгендей туралы хабарлама жібереді.

3.6 Тіркеу бөлімі Өтініш берушінің мамандарының біліктілігіне баға береді және акпараттық жүйенің қызымет көрсету деңгейіне тестілеу жүргізеді. Тіркеушінің автоматтандырылған жүйесі EPP хаттама үлгісіне, Тіркеуші мен Тізілімнің өзара әсеріне (RFC3730- RFC3735), Тіркеу Тәртібіне және EPP хаттамаларының ерекше ықшамды кеңейуіне сәйкес болуы тиіс. Тестілеу аяқталғаннан кейін Тіркеу бөлімі тестілеу хаттамасын береді. Ертеректе .kz доменінің тіркеушілері ретінде аккредиттеуден өткен өтініш берушілердің .kz доменіне арналған, жұмыс істеп тұрган акпараттық жүйелеріне тестілеу жүргізілмейді.

3.7 Тіркеу бөлімі Өтініш берушінің акпараттық жүйесінің қызымет көрсету деңгейін тестілеу мен мамандарының біліктілігіне баға беру нәтижесіне сәйкес, Өтініш берушінің техникалық дайындығына сай шешім қабылдайды және қабылданған шешімді жоғары деңгейлі домендерінің Әкімшілігіне жібереді.

Өтініш берушінің Тіркеуші ретіндегі аккредиттелуі жөніндегі шешімді жоғары деңгейлі домендерінің Әкімшілігі қабылдайды. Оң шешім қабылданған жағдайда жоғары деңгейлі домендерінің Әкімшілігі Тіркеушінің аккредитителгені туралы Куәлігін З жылдан 5 жылға дейінгі мерзімдік рұқсатнамамен береді.

3.8 Әкімшілік Өтініш берушінің өтінішін қарастыру нәтижесі бойынша аккредиттелгені туралы немесе аккредиттеуден өтпегені туралы шешім қабылдайды және шешім қабылданған сөттен бастап 3 (үш) жұмыс күні аралығында Өтініш берушіге сауалнамада көрсетілген электрондық пошта арқылы, сонымен қатар хат арқылы сауалнамада көрсетілген пошталық мекен-жайға хабарлама жібереді.

3.9 Әкімшілік аккредиттеуден өткізуе туралы шешім қабылдай алады:

3.9.1 егер тексеру барысында осы Ереженің 3.2 т. көрсетілген ақпараттардың сәйкеспеушілігі немесе бұрмалаушылығы анықталған болса;

3.9.2 егер Өтініш беруші осы Ереженің 2.1, 2.3, 2.4, 2.5 т. талаптарына сай келмесе;

3.9.3 егер Үйым осы Ереженің 3.4 т. көрсетілген ақпаратты белгіленген уақытта өткізбеген болса.

3.10 Аккредиттеу туралы шешім қабылданған жағдайда Әкімшілік Өтініш берушіні аккредиттеу туралы бұйрық шығарады және Тіркеу бөліміне Өтініш берушімен аккредиттеу туралы Келісімге отыруға тапсырма береді.

Бұдан кейін Өтініш беруші Тіркеу бөлімімен .kz және .қаз домендік атауларын тіркеуді бөліскен барлық Тіркеушілерге арналған типтік Келісім болып табылатын Келісімге отырады (№3 Қосымша). Келісім тәртібі Келісімнің құрама болігі болып табылады және барлық нақты Тіркеушілерге міндет болып табылады.

3.11 Тіркеу бөлімімен Келісімге отырганнан кейін Тіркеуші НАҚТЫ Тіркеушілер қатарына қосылады және тұтынушыларға домендік атауларды тіркеу мен қадағалау қызыметін ұсина беруіне болады.

3.12 Тіркеуші ретінде аккредиттелген, Резидент емес-Тіркеушілер, «Тіркеушілерді аккредиттеу Ережелері» баспасөзіне енгізбей тұрып, жоғары деңгейлі домендері Әкімшілігінің және өкілетті мүшелердің, аталған Ережелері мен басқа да нормативтік-құқылық актілерінде көрсетілген, тіркеушілерге қойылатын талаптарды орындаған жағдайда, өз қызыметін жалғастыра беруіне құқығы бар.

3.13 Мекеме атауы (сонымен қатар үйымдастырушылық-құқылық тұлғасы), мекен-жайы ауыстырылған жағдайда Тіркеуші бір ай қолеміндегі мерзімде жоғары деңгейлі домендерінің Әкімшілігі мен Тіркеу бөлімін ескертеді және Тіркеуші ретінде аккредиттеу туралы куәлігін ауыстыру үшін өтінішпен қоса осы Ереженің 2 тармағының 2 тармақшасына сәйкес құжаттарды тапсырады.

3.14 Аккредиттеу туралы куәлігін жоғалтқан жағдайда, Тіркеуші жоғары деңгейлі домендерінің Әкімшілігіне Тіркеуші ретінде аккредиттеу туралы куәлігінің көшірмесін беру туралы өтініш тапсыру керек. Тіркеуші ретінде аккредиттеу туралы куәліктің көшірмесі, өтініштің жоғары деңгейлі домендерінің Әкімшілігіне түсken күннен бастап 7 жұмыс күні аралығында беріледі.

3.15 Әкімшілік пен Тіркеу бөлімі DNS жүйесі қызыметінің тұрақтылығын, жоғары деңгейлі домендерінің тізілімінің тұтастығын, .kz және .қаз домендік атаулары Тіркеушілерінің құқықтарының кепілдігін қамтамасыз етуді өз мақсаты етіп алға қояды.

Егер Тіркеуші, Тіркелуші алдындағы өз міндеттін әрі қарай атқаруга мүмкіндігі болмаса, немесе Тіркеуші Интернет желісінің казақстандық сегментіндегі домендік кеңістігін тарату Ережелерін, Тіркеу бөлімімен келісілген типтік Келісім нормаларын және басқа да нормативтік құжаттарды бұзған жағдайда, жоғары деңгейлі домендерінің Әкімшілігі аккредиттеу туралы Куәлікті қайтарып алуға құқылы. Мұндай жағдайда шығып қалған Тіркеушінің құзырындағы барлық домендік атауларға уақытша қызымет көрсету міндеттін, Тіркелушілер аккредиттелгендер қатарындағы басқа да тіркеушілерді таңдағанға дейін Тіркеу бөлімі өз қолына алады.

Косымшалары: 1) Аккредиттеу туралы өтініштің қалыбы 1 бетте

2) Өтініш берушінің сауалнамасының қалыбы 3 бетте

3) Тіркеушімен жасалатын типтік келісім \_ бетте

Тіркеуші ретінде Аккредиттеуден өтуге

### **Отініш**

Сізден \_\_\_\_\_

(мекеменің ұйымдастырушылық-күккүктық жағдайы көрсетілген толық атауы) жоғары  
денгейлі .KZ және .ҚАЗ ұлттық домендерінің Тіркеушісі ретінде аккредиттеуден өтуге  
рұқсат беруіңізді сұраймын.

Аккредиттеу Ережелерімен таныстық және Ереженің талаптарын ұстануға  
міндеттенеміз. Отінішке тіркелген мәліметтің дұрыстығын раставмыз, және де мәліметтің  
акпараттары ауыскан жағдайда Әкімшілік пен Тіркеу бөлімінің уақтылы хабарлауга  
міндеттенеміз. Сонымен катар Әкімшілікпен және Тіркеу бөлімімен байланыста болуга,  
олардың сұраныстарына уақтылы жауап беріп отыруға міндеттенеміз.

Отінішті тапсыру күні.

Лауазымы

Қолы

бірінші басшының аты-жөні

М.О.

### *Отініш тапсыруши туралы мәлімет бойынша түсініктеме*

Төменде көрсетілген сұрақтарға жауап берे отырып, келесі мәліметтерді бөлек парапта толтыруынызды өтінеміз. Егер де Сіз қойылған сұрақтарға анық жауап бере алмасаныз, себебін сәйкес сұрақтың қасына белгілеңіз. «Іскерлік қабілеттері» бөлімінің сұрақтарына жауаты, өтініштің соңындағы барлық қосымшаларға сүйене, белгілей және тіркей отырып, барлық қабілеттеріңізді толығымен ашып, барынша анық етіп беруіңізді өтінеміз. Басшылық үшін қоса тіркелген қосымша нұсқаулықты қараңыз.

#### **Саялнама**

##### 1. Отініш беруші туралы ақпарат:

Мекеменің үйымдастырушылық-құқықтық жағдайы көрсетілген толық атауы (Ашық қогам, Серіктестік және т.б.);

Отініш беруші-мекеменің почталық мекен-жайы (Мемлекет, индекс, қала, көше, құрылым, кеңсе...);

Отініш беруші-мекеменің заңды мекен-жайы;

Отініш берушінің байланыс нөмірі (Код, нөмір, ішкі нөмір);

Отініш берушінің факс нөмірі;

Отініш берушінің банктік реквизиттері;

Отініш берушінің тіркеу қызыметінде пайдаланатын сайтының мекен-жайы;

Бірінші басшының электрондық почтасының мекен-жайы;

Байланысуышы тұлғаның аты-жөні мен лауазымы;

Байланысуышы тұлғаның байланыс нөмірі мен электрондық почтасының мекен-жайы;

Сіздің сайтыңыздың Интернеттегі мекен-жайы;

2. Отініш беруші ұйымының қызымет түрлері.

3. Домендік атауларды тіркеу және қолдау қызыметтерін ұсынуға байланысты іс-шараларды іске асырып отыратын қызыметкерлер туралы ақпарат.

4. Ұсынылып отырган күжаттар тізімі аккредиттеу туралы Ережененің 3.2 тарамақшасында көрсетілген.

#### *Қажетті құжаттардың тізімі 2 тармақтың 2 тармақшасында көрсетілген*

#### **5. Іскерлік қабілеті.**

Сіздің ағымдағы бизнес қабілетіңізді немесе бизнес жоспарыңызды төменде көрсетілгендей етіп сыйпаттап беріңіз:

1) Сіздің ағымдағы бизнес операциярыңызды немесе бизнес жоспарларыңызды сыйпаттап беріңіз;

2) Сіз бір айдың ішінде екінші деңгейлі домендер есімін қандай көлемде өндеді жоспарлап отырсыз?

3) Бір айдың ішінде бизнестік тіркеулердің жоспарланған көлемін өндеу үшін, Сіз мәліметті өндеудің қандай жүйесін, байланысын және басқармасын игердіңіз (немесе игеруді жоспарлайсыз)? Көрсетуіңізді сұраймыз.

4) Домендік есімдер Тіркелушілерінің тіркелу мәліметтерін өзгерту туралы сұраныстарын тездетіп өндеу үшін, Сіз қандай ақпараттық өндеу жүйесін, байланысын және басқаруын игердіңіз (немесе игеруді жоспарладыңыз)? Сіз, мұндай сұраныстар қаншалықты жылдам қабылданады және өндеделі деп болжайсыз?

5) Домендік есім Тіркелушілерінің тіркелу мәліметтерін мұрагаттау мен сақтауды қамтамасыз етудегі Сіздің қабілетіңіз қандай (немесе қабілетіңізді қалай болжайсыз)?

6) Тіркелу кезеңі мерзіміндегі Тіркеу бөлімімен байланысты, ағымдағы хат-хабарды және барлық келісімдерді электрондық көшірмелермен қамтамасыз ету үшін Сіздің қабілетті мүмкіндігіңіз қандай (немесе қабілетті мүмкіндігіңізді қалай болжайсыз)?

7) Сіздің жүйелік тіzlіміңізде қалыптастырылған, барлық белсенді тіркеулерді анықтайтын мәліметтер нақты уақыт (Whois жүйесі арқылы қызымет көрсететіндей) режимінде жалпыға қолжетімді болу үшін, Сіздің қабілетті мүмкіндігіңіз қандай (немесе қабілетті мүмкіндігіңізді қалай болжайсыз)?

- 8) Сіздің бизнестен кетуініз немесе аккредиттелген тіркеуші ретіндегі Сіздің қызыметініздің тоқталуы жағдайларында домендік есмдер Тіркелушілерінің домендік есімдерінің қызымет аткаруын ұзартуды қамтамасыз ету үшін, Сіздің қабілетті мүмкіндігініз қандай (немесе қабілетті мүмкіндігінізді қалай болжайсыз)?
- 9) Ақпараттық жүйенің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жүйелік бұзылуардың алдын алу, косылулар, мәліметтерге араласу және басқа да жүйелік ақаулардың алдын алу үшін Сіздің қабілетті мүмкіндігінің қандай (немесе қабілетті мүмкіндігінізді қалай болжайсыз)?
- 10) b тармағында көрсетілгендей тіркеу мәліметтерін кен көлемде өндеу үшін, білікті мамандарды жеткілікті мөлшерде тартуга мүмкіндігінің бар ма (немесе болуы мүмкін бе)?
- 11) Сіздің бизнестен кетуініз немесе аккредиттелген тіркеуші ретіндегі қызыметініздің тоқталуы, Интернет арқылы аткарылатын шаруаларға кері әсерін тигізбейтіндігіне, Сіз қандай кепіл бере аласыз?
- 12) Сізде ақылы заңдылық жауапкершілік сактандырылған ба? Неден сактандырылғансыз? Қанша соммаға? Егер қазіргі таңда, сізде мұндай сактандыру болмаса, онда сактандыруды қандай жолмен және қанша соммаға алмақшысыз? Егер қазіргі таңда, ағымдағы сактандыру полисінің бар болса, көшірмесін тіркеу қоюныңды өтінеміз. Егер болмаган жағдайда, Сізде сактандыру бойынша сәйкес ниетінің бар ма?
- 13) Тіркеуші ретіндегі бизнестік жұмысыныңда бастауында, Сізде қаншалыкты көлемде айналым капиталы бар? Расымен де осы өтпелі капиталдың деңгейі жоспарланған тіркеу көлеміне жеткілікті ме? Айналмалы капитал күзлігініздің көшірмесін тіркеуінізді өтінеміз (егер мүмкіндік болса, қаржылық есепшотының соңғы кезеңінің көшірмесі жеткілікті болады).
- 14) Сізде нақты қолданыстағы домендік есім (мысалы «registrator.kz») немесе қандай да бір мемлекеттің жогары деңгейлі доменіне қарасты үшінші деңгейлі домен (мысалы «cam.ac.uk») бар ма? Егер бар болған жағдайда, Сіз немесе Сіздің бөлімшелеріңіз жұмыс істейтін барлық екінші немес үшінші деңгейлі домендік есімдерді тізімге енгізуінізді өтінеміз.
- 15) Сіз тіркеушіні Аккредиттеу Келісімінде көрсетілген тіркеушінің барлық міндеттерін орындаі аласыз ба? Егер де Сіз келтірілген міндеттемелерді толық мөлшерде орындаі алмасаңыз, онда осыған кедергі болатын себептерді келтіруінізді сұраймыз.
- 16) Сіз өткен жылдың ішінде, бұрмаланған немесе басқадай түсінік тудыратын пікірлерін, қателерін KazNIC мекемесі анықтаган, аккредиттеуге арналған өтінішті немесе аккредиттеу өтінішіне қоса тіркелген құжаттарды KazNIC мекемесіне тапсырып па едіңіз?
- 17) Егер де тапсырган болсаңыз, онда қандай жағдайларда тапсырдыңыз?
- Өтініш беруші немесе оның кез келген қызыметкерлері, басқарушылары немесе менеджерлерінін ішінде:
- a) соңғы 10 жылдықтың ішінде қаржылық қызыметке байланысты қылмыстық іске немесе киянқылыққа айыпталғандары және алаяқтық үшін сотталғандары, немесе ұқсас соттық талқылаулардың объектісі болғандары,
- b) қазіргі таңда айыптау нәтижесімен шешілген қандай да бір соттық талқылауларға тартылғандары, немесе (a) бабына ұқсас жағдайларда не болмаса
- c) атаулы өтінішті толтыру кезінде KazNIC мекемесі шешімімен біліктілігінен айрылғандары болса, толығымен көрсетіп жазуыныңды сұраймыз.
- 18) Сіз Тіркеу бөліміне, тіркеушілерді аккредиттеуге қатысты, қоғамдық жарнамаларға (акпараттық веб-параптариның қоса) Өз мекеменіздің атауын немесе логотипін қолдануға рұқсат бересіз бе?
- 19) Ұйым қызыметінің тоқтатылуы (немесе оның домендік атаулар тіркеушісі ретіндегі жұмысын тоқтатуы) домендік атаулар әкімшілігіне және тіркеу жүйесінің қалыпты жұмыс істеуіне закымын тигізбеу үшін қандай кепілдік берілуі мүмкін?

## 6. Жалпы техникалық мәліметтер

1) Ұйымның бағдарламалық құрылғылар кешенінде пайдаланылатын жабдықтар мен бағдарламалық құралдар тізімі мен техникалық сипаттамасын көрсетіңіз.

2) Құрал-жабдықтардың, сонымен қатар энергиямен жабдықтау жүйесінің және байланыстың ақауы кезінде бағдарламалық құрылғылар кешені қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз ету жолдарын сипаттап беріңіз. Төтенше жағдайлары, құрал-жабдықтардың үзіліп қалуы және істен шығуы жағдайлары туындаған кезде Тізілім мәліметтерінің толығымен қалпына келу уакытын; акпараттардың жойылып кетуін болдырмайтын, мәліметтерді қалыпқа келтіру әдістерін көрсетіңіз.

3) Тіркеу бөлімінің бағдарламалық құрылғылар кешені істен шыққан жағдайда, рұқсатсыз қол жеткізу және оның салдары кезінде, төтенше жағдайларда (ерт және т.б.) акпараттың (тіркелу мәліметтерінің, жүргізілген операциялардың) сақталуын қамтамасыз ету жолдарын; акпараттардың толығымен қалпына келу мүмкіндігін; соның ішінде көшіру немесе қалпына келтіру кезіндегі үзіліп қалған жағдайларда акпараттың тұтастай сақталу жолдарын сипаттаңыз.

4) Ұйымның бағдарламалық құрылғылар кешенін шабуылдан, бұзып кіруден, рұқсатсыз қол жеткізуден және жүйенің қалыпты жұмыс жасауына кедергі келтіретін басқа да жайттардан корғау жолдарын сипаттаңыз.

5) Тұтынушыларды аутентификациялау құралдарын және олардың өкілеттілік көлемін анықтау тәртібін сипаттаңыз. Домендік атауларды делегирлеу үшін, Ұйым жүзеге асырып отыратын мәліметтерді қолдау үшін қолданылатын ұйымның DNS серверлерінің санын, орналасқан жерін, атаулары мен IP-мекен-жайларын; олардың техникалық сипаттамаларын көрсетіңіз.

6) Домендік атауларды тіркеуге байланысты Ұйымның қызыметтіне қатысты құжаттар (электрондық және қағаз жүзінде) мұрагатын қолдау тәртібін, құжаттарды мұрагаттан іздеу және таңдау тәртібін сипаттаңыз.

7) Домендік атауларды тіркеуге байланысты қызыметті есепке алу тәртібін сипаттаңыз. Қандай жағдайларда тұтынушыларға хабарламаларды автоматты түрде тарату пайдаланылатынын; тұтынушыларды (әкімшіліктерді) хабарлаудың, соның ішінде домендік атаулардың тіркеу мерзімінің аяқталғаны туралы акпаратты тарату жолдары мен тәртібін көрсетіңіз.

7. Төмендегі қол қоюшы, берілген сауалнамага және барлық қосымшаларда келтірілген акпараттың құрамы шындық болып табылатындығын куәләндірді. Төмендегі қол қоюшы, Тіркеу бөліміне қосымша мәліметтер мен құжаттарды алу үшін, үшінші тұлғалармен рұқсатын береді. Отініш тапсыруыш Тіркеу бөліміне, берілген сауалнамада көрсетілген акпараттарды тексеруге кедергі келтірмеуге міндеттенеді. Отініш беруші берілген отініште, талап етілгендей отініш беруші туралы шындық акпаратпен қамтамасыз ететін үшінші тұлғаларға наразылық білдіруден бас тартады.

күні

колы

орындаушы

лауазымы

отініш берушінің занды есімі

Барлық жауаптарыңызды осы сауалнаманың қол қойылған көшірмесіне қоса тіркеуінізді отінеміз. Толтырылған құжаттарды почта немесе шабарман арқылы тікелей, жоғары деңгейлі домендердің Әкімшілігіне, ал электрондық нұсқасын – Тіркеу бөліміне келесі мекен-жайлар бойынша жіберу керек:

Жоғары деңгейлі домендердің Әкімшілігінің мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., п/и 010001, Қабанбай Батыр даңғылы, 6/5, №3 кеңсе, т. +7-7172-925552, +7-7172-925411, info@itk.kz

"Казак торап акпарат оргалығы" Мекемесінің меке-жайы: Қазақстан Республикасы, Семей қ., Ильяшев к-си., 47/2, info@nic.kz

## ТІРКЕУШІМЕН КЕЛІСІМ

Осы келісім 20 ж. күні "Қазақ топап ақпарат орталығы"  
Мекемесі мен, мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 071400, Семей қ., Ильяшев к-си., 47/2  
(бұдан әрі KazNIC), және Тіркеуши , мекен-жайы:

(бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады) арасында жасалды. Осы келісімнің мәтінінде KazNIC пен Тіркеушінің жеке «Жақтары» мен ортақ «Жақтары» карастырылған.

### ЖАРЛЫҚ БӨЛІМІ

.KZ, .қаз домендерінің Әкімшілігімен отырган шартқа сәйкес KazNIC мекемесі .KZ, .қаз домендері (әрі қарай «Домен») атауымен белгілі Жоғары Денгейлі Интернет Домендерінің («ЖДД») [Internet Top Level Domain «TLD»] Тіркеушілері үшін дара Тіркеу бөлімі болып табылады, және Интернет Нөмірлерін Беру Үйымымен («ФНБҰ») [Internet Assigned Number Authority («IANA»)] Қазақстан Республикасына арналған ISO KZ Мемлекеттік Кодына сәйкес келетін Жоғары Денгейлі Домен ретінде тағайындалды. Қандай да бір себептермен пайда болған өзгерістер жайлы KazNIC дереу хабарлап отырады. Доменнің бәсекелестік қабілетін одан әрі арттыру мақсатында KazNIC пен Тіркеуши өзара, Тіркеушінің Доменге арналған Ортақ тіркеуге (әрі қарай Тіркеу) қатысуға құқылы екендігі, ал KazNIC Тіркеуши пайдаланушыларының Домендік есімдерін тіркеу мен қызымет көрсетуді ұсынатындығы жөнінде келісімге отырды.

ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛГАНДАРДЫ ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, сонымен қатар осында көрсетілген өзара ортақ міндеттер мен басқа да занылдық жарамды және барынша ортақ қанагаттандыруларды алға қоя отырып, және KazNIC пен Тіркеуши келіскендерін осымен растай отырып, Екі жак

ТӨМЕНДЕ КӨРСЕТИЛГЕНДЕЙ КЕЛІСТІ:

#### 1. Тіркеушінің міндеттері.

Тіркеуши Доменге тұтынушыларды тарту барысында дәйекті күш жұмысауга және Тіркеуши арқылы тіркелетін Домен тұтынушыларына жоғары дәрежелі (first-line customer support) тұтынушылардың қолдауларымен қамтамасыз етуге міндеттенеді. Тіркеуши Домендерді тіркеу туралы KazNIC бекіткен қаулыға сәйкес, KazNIC-ті және әр тұтынушыны тіркеудің әр фактілерімен және оған қоса, тіркелінгені туралы толтырылған құжаттардың көшірмесін электрондық пошта арқылы жіберіп, растап отыруға міндетті.

Тіркеуши тұтынушыларға тұтынушы келісімін, атауын Доменге тіркеуге шешім қабылдамай тұрғанда, алдын ала асықпай, ойланып, келісу үшін 15 күн бұрын ұсынуға келіседі.

Тіркеуши адал бақталастықты қамтамасыз ету мақсатында домендік есімдерді тіркеу және колдау бағаларын құру барысында Тіркеушілер арасындағы бақталастық қарым-қатынастың бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін бағалар демпингін болдырмауға міндеттенеді.

Тіркеушінің құқығы жоқ:

- Тұтынушыга домендік атауларды тіркеу қызыметін көрсетуден басқа тауарларды (жұмыстар, көрсетілетін қызыметтер) сатып алуға себепші болуга;

- Тіркеу қызыметін көрсетуге, сонымен қатар босап жатқан домендік есімдерге, тұтынушы таңдаған екінші денгейлі домендік атауга байланысты жоғары денгейдегі әр доменге бағасын және басқа да шарттарын белгілеуге;

- Босап жатқан домендік атауларды тіркеу қызыметін пайдалануы мүмкін тұтынушылар санын шектеуге, немесе жеке тұтынушыға не болмаса пайдаланушылар санаттарына қызмет көрсету жайлы ақпарат алу үшін артықшылық жасауга.

Тіркеуши домендік атаулардың тіркеушісі қызметтерін өзі орындауға міндетті.

#### 2. KazNIC міндеттері.

KazNIC өзінің Тіркеу бөліміне қатысты қызыметтің өкілетті үйымдар арқылы атқаруына сәйкес, осы Келісім бойынша көрсетін канагаттандырулары және Тіркеушілердің алатын пайдалары, жартылай Тіркеушінің сенімділігіне негізделгенін мойындайды.

Тіркеуші қамтамасыз ететін тіркеулерді қабылдау мен өңдеуге, KazNIC Тіркеушімен бірге қызымет ететін болады. KazNIC Тіркеушіге Домендік атауларды тіркеудің, өзгертудің және жаңа нафтадың шұғыл әдістерін пайдалану мүмкіндігін ұсынуға келіседі, сонымен қатар ағымдағы тіркелген Домендік атаулар туралы мәліметті іздеу құралына қосылу мүмкіндігін беруге, және осы қызыметтер тәулік бойы колжетімді болуы үшін, барынша тиімді істерді атқаруға және өзіне қатысты шаруалардың бәрін атқаруға келіседі.

KazNIC тіркеу барысында тұтынушыларға домендік атауларды тіркеу және колдау үшін тікелей Тіркеу болімінің Әкімшілігі белгілеген бағалардан төмен бага ұсына отырып Тіркеушімен бәсекеслеуге міндеттенеді. KazNIC тіркеудің даналық бағасын төмендеткен жағдайында, Тіркеуші сәйкесінше бөлшектік бағасын төмендеттіп үлгеруі үшін, Тіркеушіні алдын ала, кемінде (30) күн бұрын ескертеді.

KazNIC Тіркеушіге қатысты осы Келісім талаптарына қарағандағы сыйакының барынша тиімді жағдайларын басқа да кез келген тіркеушілерге немесе серіктестерге ұсынбауга және мұндай келісімге отырмауга міндеттенеді.

### **3. Қызымет етемі.**

Тіркеуші KazNIC қызыметінің акысын оның тіркеу мен қызымет көрсетуге арналған есебінің негізінде, белгіленген тариф бойынша Доменге әр жаңа атау тіркелген сайын және тіркелген тіркемелердің ұзартылуы жағдайында, жылына бір реттен жиі емес тәртіппен төлеп отыруға міндеттенеді.

### **4. Жеке құқықтары.**

Екі жақ, Тіркеуші қамтамасыз етіп отырган, тіркеулер мен тұтынушыларға қатысты барлық мәліметтің, KazNIC пен тіркеушіге ортақ меншік болатындығымен келіседі. Домен тұтынушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, KazNIC немесе оның атымен жұмыс істейтін кез келген құқылы мүше, не болмаса заңды тұлға, алдын ала Тіркеу болімімен жасалған жазбаша келісімінсіз, тұтынушыларға ешқандайда маркетинглік, не жарнамалық сыйпатқа тән хабарламаларды жасамауға міндеттенеді. Тіркеуші тұтынушыларға ақпараттарды web тораптарында орналастыруды, web жүйелеріндегі жолдаулар мен таратуларды және т.б. қоса, Интернеттің кәдімгі қызыметтерін, мұндай алдын ала келісімсіз ұсына алады. Мұндай қызыметтер үшін төлем өндіру мен төлемнің деңгейін анықтау туралы шешімді Тіркеуші өзінің жеке мүддесі бойынша қабылдайды және бұл қызымет Тіркеушінің жеке сатылу заты болып табылады.

### **5. Отемакы.**

KazNIC Тіркеушінің өзінің абайсыздық қылығымен немесе дұрыс қарамагандығының әсерінен болған айыптардан басқа, Тіркеушіге қарсы тұтынушылардың не болмаса тіркеушілердің кез келген айытарының орнын толтырып, етеп отыруға және коргауга міндеттенеді.

Тіркеуші осы Келісімге сәйкес KazNIC-ті Тіркеушінің өзінің абайсыздық немесе зансыздық қылықтарымен, не болмаса дұрыс қарамагандығының әсерінен болған, кез келген үшінші тұлғаның айыбынан коргауга және айыппул төлеп отыруға міндеттенеді.

### **6. Тұтынушылармен байланыс.**

Осы келісім бойынша KazNIC Тіркеушінің тіркеген барлық тұтынушылармен еркін байланыс жасауга құқылы, алайда осы Келісімнің әрекет ету мерзімінде KazNIC үшінші тұлғаның атынан, Тіркеушімен алдын ала, 30 (отыз) күннен кем емес мерзімде келіспей

тұрып, мұндай тұтынушылармен электрондық поча арқылы немесе басқадай да жолдармен қызыметтер мен өнімдерді жарнамалау, не басқалай да әдістермен ұсыну мақсатында тұра байланыска түспеуге міндеттенеді.

## **7. Жауапкершілік**

Тіркеуші тарапынан домендік атауларды Интернеттің Қазақстандық сегментінде тіркеу туралы Ережесінің талаптарын, аккредиттеу туралы Ереженің талаптарын және осы Келісімнің талаптарын бұзуы, оның домендік атаулардың тіркеушісі ретіндегі аккредитациясының қайтарылып алынуына (жойылуына) әкеліп соғады.

## **8. Әрекетін тоқтату**

Осы Келісімнің әрекеті екі жақтың кез келгенінің жазбаша хабарламасы арқылы тоқтатылады. Осы Келісімнің әрекеті екі жақтың кез келгенінің жазбаша хабарламасы арқылы тоқтатылады. Бұл жағдайда Тіркеуші KazNIC-ке тұтынушылардан домендік атауларды қолдау қызыметі үшін алдын ала өтем ретінде алған, алайда Тіркеушінің өз қызыметін тоқтатуына байланысты қызыметтің нақтылы түрде көрсетілмеген барлық соммаларын етеуге міндеттенеді.

## **9. Заңнамалылықты реттеу.**

Осы Келісім Қазақстан Республикасының заңнамалылығына сәйкес мағына береді және реттеледі. Жоғарыда айтылғандардың дәлелі ретінде, Екі жақтың уәкілетті лауазымды тұлғалары Осы Келісімнің бірінші бетіндегі көрсетілген мерзімді күні қол қойды.

### **KazNIC реквизиттері**

"Қазақ топап акпарат орталығы" Мекемесі  
СТН 511700080047

Казкоммерцбанк АҚ-дағы  
е/ш KZ729260301113009000  
ББК KZKOKZKX  
БСН 990940000373

БeК 17 төлем коды 851

Мұдір \_\_\_\_\_ Гусев П.М.  
М.О.

**Тіркеушінің реквизиттері:**  
М.О